	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі

**6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бозсары қотырот (*Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау» тақырыбына PhD докторант Арайлым Бейбитқызы Муканованың докторлық диссертациялық жұмысты орындағаны бойынша**  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**


Муканова Арайлым Бейбитқызы 2015 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Фармация факультетін тәмамдап, 2017 жылы «Фармация» мамандығы бойынша медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2018 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша PhD докторантурасына қабылданды. Ол «Бозсары қотырот (*Scabiosa ochroleuca* L.) шөбінен жаңа фитопрепараттардың фармацевтикалық негіздемесін жасау» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, зерттеу нәтижелерін жарияланымдарда жариялады.

А.Б. Муканова өз еңбек жолын дәріханада фармацевт болып бастап, 2017 жылдан бері «Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация» кафедрасында оқытушылық қызмет атқаруда.

Докторант ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және диссертация жазу барысында жоспарлау, талдау және әдебиеттерге шолу жүргізу бағыты бойынша үлкен көлемді жұмыс атқарды.

Диссертациялық жұмыстың аясында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары КеАҚ «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті», КеАҚ «Қарағанды медицина университеті» зертханасында, «Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы» АҚ, ҚР БҒМ ШЖҚ РМК «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің» ШЖҚ еншілес мемлекеттік кәсіпорын «Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы» «Биосфера экологиясы» зертханасында, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолданбалы химия институтының зертханасында, КеАҚ «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» Қазақ-Жапон инновациялық орталығы, тағам және экологиялық қауіпсіздік зертханасында А.Б. Мукановамен жеке орындалды.

Ізденуші экстракттарды дайындау саласында ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және мәліметтерді өңдеуде қажетті компьютерлік технологияларды тиімді пайдалануды меңгере білді. Диссертация тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулердің негізгі нәтижелерін қамтитын 13 ғылыми жұмыс жарияланды. 25.12.2020 жылы Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген №34786

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Ғылыми кеңесшінің пікірі


«Антирадикалдық белсенділігі бар бозсары қотырот (*Scabiosa Ochroleuca* L.) шөбінен ультрадыбысты экстракт алу тәсілі» атты өнертабыс патенті, сондай-ақ 10.09.2021 жылы тіркелген №6401 «Способ получения микроволнового экстракта скабиозы бледно-желтой (*Scabiosa Ochroleuca* L.) с антирадикальной активностью» атты пайдалы модель патенті зерттеудің ғылыми жаңалығын растайды.

Муканова Арайлым Бейбитқызы жеке жұмыс жоспарына сәйкес қойылған міндеттерді уақытында орындап, диссертациялық жұмыстың мақсатына толықтай қол жеткізді.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында докторант аналитикалық ойлау қабілеті бар және ғылыми зерттеуші қызметкеріне тән қажетті тәжірибелік дағдылар мен құзыреттіліктерге ие маман екенін көрсетті.

Муканова Арайлым Бейбитқызының ғылыми-зерттеу саласындағы құзыреттілігі, докторлық диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығы, алынған зерттеу нәтижелеріндегі автордың жеке үлесі, сондай-ақ зерттеу тақырыбының мақсаттары мен міндеттерінің толық орындалуы расталады және 6D110400 - «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге лайық.

**Ғылыми кеңесші,  
PhD, қауымдастырылған профессор,  
фармацевтикалық технология  
кафедрасының профессор м.а.**



**Ибадуллаева Ғ.С.**